

ISSN 2957-9856 (Online)
ISSN 2957-8280 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
«ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ СУ ҚАУІПСІЗДІГІ ИНСТИТУТЫ» АҚ

КОМИТЕТ НАУКИ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АО «ИНСТИТУТ ГЕОГРАФИИ
И ВОДНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»

SCIENCE COMMITTEE
OF THE MINISTRY OF SCIENCE AND
HIGHER EDUCATION
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
JSC « INSTITUTE OF GEOGRAPHY
AND WATER SECURITY»

**ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ
СУ РЕСУРСТАРЫ**
◆
**ГЕОГРАФИЯ
И ВОДНЫЕ РЕСУРСЫ**
◆
**GEOGRAPHY
AND WATER RESOURCES**

1

ҚАҢТАР – НАУРЫЗ 2023 ж.
ЯНВАРЬ – МАРТ 2023 г.
JANUARY – MARCH 2023

ЖУРНАЛ 2007 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 2007 ГОДА
THE JOURNAL WAS FOUNDED IN 2007

ЖЫЛЫНА 4 РЕТ ШЫҒАДЫ
ВЫХОДИТ 4 РАЗА В ГОД
PUBLISHED 4 TIMES A YEAR

АЛМАТЫ

АЛМАТЫ

ALMATY

Бас редакторы
география ғылымының докторы, ҚР ҰҒА академигі **А. Р. Медеу**

Бас редактордың орынбасары:
география ғылымының кандидаты **С. К. Алимкулов**, география ғылымының докторы **И. Б. Скоринцева**,
география ғылымының докторы **С. А. Тарихазер** (Әзірбайжан)

Редакция алқасы:
ҚР ҰҒА академигі, география ғылымының докторы **И. В. Северский**; докторы, климатологияның қауымдастырылған профессоры **М. Шахгеданова** (Ұлыбритания); Еуропа мен Азиядағы Халықаралық ғылым академиясының академигі (IASEA), техника ғылымдарының докторы, профессоры **Цуи Вэйхун** (Қытай Халық Республикасы); география ғылымының докторы **О. Б. Мазбаев**; география ғылымының докторы **Ф. Ж. Акиянова**; география ғылымының докторы **Б. А. Красноярова** (Ресей); география ғылымының докторы **Д. Т. Чонтоев**; география ғылымының докторы **Н. А. Амиргалиев**; геология-минералогия ғылымдарының докторы **М. Қ. Абсаметов**; география ғылымының кандидаты **А. Л. Кокарев**; PhD докторы **А. С. Мадібеков**; геология-минералогия ғылымдарының кандидаты **Е. Ж. Муртазин**

Главный редактор
академик НАН РК, доктор географических наук **А. Р. Медеу**

Заместители главного редактора:
кандидат географических наук **С. К. Алимкулов**, доктор географических наук **И. Б. Скоринцева**,
доктор географических наук **С. А. Тарихазер** (Азербайджан)

Редакционная коллегия:
академик НАН РК, доктор географических наук **И. В. Северский**; доктор, ассоциированный профессор климатологии **М. Шахгеданова** (Великобритания); академик Международной академии наук Европы и Азии (IASEA), доктор технических наук, профессор **Цуи Вэйхун** (Китайская Народная Республика); доктор географических наук **О. Б. Мазбаев**; доктор географических наук **Ф. Ж. Акиянова**; доктор географических наук **Б. А. Красноярова** (Россия); доктор географических наук **Д. Т. Чонтоев**; доктор географических наук **Н. А. Амиргалиев**; доктор геолого-минералогических наук **М. К. Абсаметов**; кандидат географических наук **А. Л. Кокарев**; доктор PhD **А. С. Мадібеков**; кандидат геолого-минералогических наук **Е. Ж. Муртазин**

Editor-in-Chief
Academician of the NAS of the RK, Doctor of Geographical Sciences **A. R. Medeu**

Deputy Editor-in-chief:
Candidate of Geographical Sciences **S. K. Alimkulov**, Doctor of Geographical Sciences **I. B. Skorintseva**,
Doctor of Geographical Sciences **S. A. Tarikhazer** (Azerbaijan)

Editorial Board:
Academician of the NAS of the RK, Doctor of Geographical Sciences **I. V. Severskiy**; Dr., Associate Professor in Climate Science **M. Shahgedanova** (UK); Academician of the International Academy of Sciences for Europe and Asia (IASEA), Doctor of Technical Sciences, Full professor **Cui Weihong** (People's Republic of China); Doctor of Geographical Sciences **O. B. Mazbayev**; Doctor of Geographical Sciences **F. Zh. Akiyanova**; Doctor of Geographical Sciences **B. A. Krasnoyarova** (Russia); Doctor of Geographical Sciences **D. T. Chontoev**; Doctor of Geographical Sciences **N. A. Amirgaliyev**; Doctor of Geological and Mineralogical Sciences **M. K. Absametov**; Candidate of Geographical Sciences **A. L. Kokarev**; Doctor PhD **A. S. Madibekov**; Candidate of Geological and Mineralogical Sciences **Ye. Zh. Murtazin**

География и водные ресурсы
ISSN 2957-9856 (Online), ISSN 2957-8280 (Print)

Собственник АО «Институт географии и водной безопасности»

Подписной индекс для юридических лиц: 24155

Свидетельство о регистрации издания № 8243-Ж от 5 апреля 2007 г. и перерегистрации № KZ48VPY0036995 от 23 июня 2021 г. выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Пушкина, 99.
Тел.: +7(727)291-81-29, факс: +7(727)291-81-02

E-mail: journal.ingeo@gmail.com
Сайт: <http://www.ojs.ingeo.kz>

<https://doi.org/10.55764/2957-9856/2023-1-50-63.6>

FTAMP 39.29.02

Ж. М. Шарапханова¹, М. М. Тоғыс¹, Н. А. Ажиров²

¹Геотуризм және геоморфология зертханасының ғылыми қызметкері
(«География және су қауіпсіздігі институты» АҚ, Алматы, Қазақстан)

²Геотуризм және геоморфология зертханасының кіші ғылыми қызметкері
(«География және су қауіпсіздігі институты» АҚ, Алматы, Қазақстан)

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАЗАЛАРЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР

Аннотация. Мақалада географиялық атаулардың қазақстандық және шетелдік электрондық базалары қарастырылды. Топонимика саласындағы зерттеулерге бейімделген сайттардың, жүйелер мен бағдарламалардың артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіліп, оларды топонимикалық зерттеуде пайдаланудың орындылығы туралы қорытындылар жасалды. GNS және GeoNames әлемдік географиялық атауларының базаларын Қазақстанда орналасқан топонимдерді зерттеуге пайдалану мүмкіндіктері қарастырылды.

Түйін сөздер: ономастика, топонимика, географиялық атаулар, электрондық база, геоақпараттық жүйелер.

Кіріспе. Тіл білімі, география, тарих және басқа да бірқатар білім салаларының өзара әрекет аумағында біртұтас ғылыми пән – топонимика қалыптасты. Бұл ономастиканың географиялық нысандардың (топонимдердің) атауларын, оның ішінде олардың динамикалық құрамдас бөлігі – шығу тегі, дамуы мен уақыт бойынша өзгеруін, қазіргі жағдайын зерттейтін бөлімі болып табылады.

Адамдардың өндірістік-шаруашылық және қоғамдық іс-әрекеттері өзіне тән атауларға ие көптеген нысандардан тұратын географиялық ортаның барлық аясында өтетіндіктен, географиялық нысандардың атаулары барлық уақытта бірдей сан алуан атқарымдарды орындайды, оларсыз ешбір қоғамдық формация өмір сүрген емес. Географиялық атаулар тарихтың жалғастырғыш құралы ретінде ғасырлар бойы онда мекендеген халықтардың тұрмыс-салтына байланысты ұдайы толығып, жаңарып, қоғамның жан-жақты сұраныстарына қызмет етеді. Топонимдерден қоршаған табиғи ортаның әртүрлілігі, табиғи ресурстардың болуы, ландшафттардың әркелкілігі, географиялық, климаттық және гидрографиялық ерекшеліктері, сондай-ақ табиғи және басқа да нысандардың сыртқы бейнелері, өзенге тән ерекшеліктері, саны мен сапасы, ішкі құрылымы мен мәні, тұрған орны және басқа елеулі қасиеттері мен белгілері анық көрінеді. Көбінесе топонимдер бай ғылыми ақпараттың және әртүрлі деректердің көзі болып табылады. Атақты ғалым, академик Қ. И. Сәтбаев пайдалы қазбалардың кенорындарын іздестіруде топонимдерді сенімді белгілердің бірі есебінде кездейсоқ енгізген жоқ [1].

Топонимдерді зерттеудің негізгі көздері топонимикалық сөздіктер, карталар, ғылыми-көпшілік әдебиеттер, анықтамалық, энциклопедиялық және оқу әдебиеттері, мерзімді басылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары болып табылады.

Кең таралған автоматтандыру мен геокеңістіктік деректерді цифрлаудың қазіргі жағдайында автоматтандырылған жүйенің негізгі принципі: ақпаратты бір реттік енгізу және бірнеше рет пайдалануды жүзеге асыратын топонимдер бойынша мәліметтер қорын қалыптастыру және пайдалану үлкен маңызға ие [2].

Негізгі бөлім. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялардың арқасында топонимикалық зерттеудің қолданыстағы әдістерінің мүмкіндіктері кеңейді. Электрондық ресурстарды топонимикалық зерттеулердің құралы ретінде пайдалану мұндай зерттеулердің сапасын арттырады. Соңғы уақытта электрондық жүйелер, атап айтқанда, географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ), топонимика бойынша зерттеулер жүргізуде маңызды рөл атқара бастады. Зерттеушілердің топографиялық деректерге қызығушылығы олардың жоғары сапасы мен онлайн қолжетімділігіне байланысты.

Мартынено И. А. ойы бойынша: «Соңғы уақытқа дейін географиялық атауларды зерттеуде ГАЗ қолдануды жаппай деп атауға болмайды. Заманауи ақпараттық технологиялардың дамуымен топонимикалық зерттеулер жаңа сипатқа ие болды, ол геодеректерді жинау мен өңдеудің соңғы тәсілдерімен сипатталады». Автор қазіргі электрондық құралдарды топонимикалық зерттеу құралы ретінде қарастырады. Осылайша жиналған деректер одан әрі зерттеу үшін материалдың негізі болады [3].

Жалпы алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану және жоғары жылдамдықты Ғаламторды дамыту адамның мүмкіндіктерін кеңейтті – олар оның ақыл-ой және қол күш еңбегін айтарлықтай жеңілдетті, оқытудың тиімділігін арттырды, жаңа технологиялардың арқасында ғылыми және білім беру қызметі жақсарды, адамзат қызметінің барлық салаларында еңбек өнімділігі артты [4].

Мақалада географиялық атаулар бойынша Қазақстанда және шет мемлекеттерде (РФ, АҚШ, GeoNames базасы) жасалған электрондық базалар қарастырылды.

Қазақстанда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оның ішінде ГАЗ технологияларын қолдану арқылы топонимиканы зерттеу даму сатысында тұр. Қазіргі уақытта топонимдердің кейбір аймақтық электрондық деректер базасы бар. Қазақ топонимикасын тікелей зерттеуге қазақ топонимдерінің жүйеленуі, семантикасы, этимологиясы мен орфографиясы бойынша анықтамалықтар, энциклопедиялар және жекелеген еңбектер арналған [5].

Еуразияның 5% аумағын қамтитын, ауданы бойынша дүние жүзінде 9-орын алатын Қазақстанның кең-байтақ аумағында жасалып қорланған миллионданған эндогендік топонимдер халықтың жадында сақталуының арқасында қазіргі күнге дейін жетті. Алайда, бұл орасан көп жерсу атаулары әлі күнге дейін бір жерге толығымен жиналмай, жүйеленбей және жан-жақты зерделенбей келеді. Осы күнге дейін Қазақстан аумағының географиялық атауларын бірден-бір және толық қамтитын әрі сақтайтын ірі масштабты топографиялық карталар болып саналады. Алайда, топокарталар да ұзақ ғасырлар бойы халық жинақтаған атаулардың бәрін қамти бермейді. Мысалы, масштабы 1:100 000 карталарда шамамен 250 мыңдай топографиялық нысандардың (тау, шоқы, төбе, аңғар, қоныс т.б.) 25 мыңы ғана, сол сияқты 85 мың өзеннің шамамен 5 мыңы, 48 мың көлдің 3 мыңының ғана аттары жазылған [1].

«Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогының» (ГАМК) электрондық мәліметтер базасын құру қажеттілігі географиялық атаулар туралы ақпаратқа уақытпен қатар халық тарапынан үлкен сұраныстың болуымен туындады. ГАМК-н ҚР БҒМ-нің География институты мен ҚР Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорымен» бірлесіп жарыққа шығарды. Қазіргі уақытта, әлемнің көптеген елдері ГАМК электрондық деректер базасы сияқты бірыңғай ақпарат көзі бойынша жұмыстар атқарып жатқан жоқ. Қазақстандық картографтар мен географтардың орасан еңбегі мен олардың жоғары кәсібилігінің арқасында үлкен көлемдегі бір-бірімен байланыссыз ақпараттарды біріктіру, географиялық атаулардың ғылыми сипаты мен тарихи шығу тегін анықтау жүзеге асып, бұл Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогының электрондық деректер базасын құруға мүмкіндік берді.

Электрондық деректер базасы 1: 100 000 масштабтағы топокарталарда бар топонимдерді фронтальды каталогтау арқылы құрылды және әртүрлі географиялық нысандардың 118,4 мың атауын қамтыды. Соңғы жылдары 1: 25 000 масштабты топографиялық карталар негізінде база 150 мың атауға дейін толықтырылды. Каталог әрбір облысқа қазақ және орыс тілдерінде дайындалып, жалпы 32 кітапты біріктіреді. Әрбір атау бойынша оның қазақ және орыс тілдерінде дұрыс жазылуы, бұрынғы атауы (топокартада берілген атауы), нысанның типі, оның орналасқан жері, әкімшілік-аумақтық бірлігі, сондай-ақ этимологиясы берілген (1-сурет).

<p>Қаражаршық / Қаражаршық, Қаражарский Ярқок, р., исток и место вп. вост. с. Новопетропавловка, лп р. Есиль, лп р. Ертіс; Атбасарский р-н. (Чёрный обрывчик).</p> <p>Қаражарық / Қаражарық, ур., сев. г. Улькен Буркитты, юго-вост. оз. Ахметжансор; Бурабайский р-н. (Чёрное кочковатое с трещинами).</p> <p>Қаражарық / Қаражарық, ур., сев.-вост. оз. Тасшалқар, сев.-зап. оз. Карасор; Енбекшильдерский р-н. (Чёрное кочковатое с трещинами).</p> <p>Қаражарық / Қаражарық, ур., на левобережье р. Силеты, вост. оз. Тамсор; Ерейментауский р-н. (Чёрное кочковатое с трещинами).</p> <p>Қаражарық / Қаражарық, ур., юго-вост. оз. Узынкамыс, вост. а. Шалқар; Целиноградский р-н. (Чёрное кочковатое с трещинами).</p> <p>Қаракас / Қаракас, ур., южн. г. Кожастау, сев.-зап. пос. Аксу; Енбекшильдерский р-н. (Геноороним).</p> <p>Қаракасқа / Қаракасқа, ур., юго-зап. оз. Жалманқулак, сев. оз. Теніз; Егіндыкольский р-н. (Лысая сопка).</p> <p>Қаракемер / Қаракемер, г., на правом берегу р. Есиль, вост. гор. Державинск; Жарқайыңский р-н. (Чёрный вал).</p> <p>Қаракенгір / Қаракенгір, г., на прав. бер. р. Оленты, юго-вост. а. Оленты; Ерейментауский р-н. (Чёрная широкая возвышенность).</p> <p>Қаракога, а., Атбасарский р-н. См. Қаракога, зим.</p>

1-сурет – Ақмола облысы бойынша географиялық атауларының мемлекеттік каталогынан фрагмент


Бір жерге жинақталған мұндай бай ғылыми-аналитикалық материал көптеген ғылыми ұйымдарға Қазақстан топонимикасының көптеген өзекті теориялық мәселелері бойынша ауқымды, терең және жан-жақты зерттеулер жүргізуге және географиялық нысандарды ғылыми атаудың көптеген практикалық мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда аталған каталогтан бөлек 2016 ж. ономастика саласына арналған сайт – [Atau.kz](https://atau.kz/) (<https://atau.kz/>) жасалды. Сайттың мақсаты елді мекен, Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы және облыс орталықтарындағы көше, мәдени мекемелер мен түрлі нысандарға берілген атауларды жинақтап, ономастикалық атауларды біріздендіру болып табылады. Ономастикалық электрондық базада ҚР жер-су атаулары толығымен көрсетіліп, атауларды беру нормалары мен қағидалары бойынша жұмыстар да қамтылған [6].

Сайт «Басты», «Зерттеу», «Жаңалықтар», «Мақалалар», «Кітаптар» және «Іздеу» блоктарынан тұрады. «Зерттеу» блогында салаға қатысты құқықтық негіздегі құжаттар топтастырылған. «Жаңалықтар» және «Мақалалар» блоктарында ономастикалық атаулардың тарихы, этимологиясы, жасалу ерекшеліктері туралы танымдық сипаттағы ғылыми және ғылыми-көпшілік, анықтамалық әдебиеттер мен мақалалар ұсынылған. «Іздеу» блогы арқылы аталған қорды пайдаланушы өзіне қажетті ономастикалық ақпаратты теріп, сұранысын қанағаттандыра алады [7]. Сондай-ақ, аталған ономастикалық электрондық база жүйесі негізінде әр облыста жергілікті әкімшілік және тілдерді дамыту басқармаларындағы ономастикалық жұмыстарда атқарылып жатқан іс-шаралардың қандай деңгейде екенін бағамдауға мүмкіндік береді [8].

Іздеу блогы 126 070 атауды қамтиды. Атауларды іздеу облыстар немесе атаудың түрі арқылы (мысалы, көше, аудан, өзен, мұражай және т.б.) жүзеге асырылады. Іздеу нәтижесі нысанның қай әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқаны, оның орысша атауы, бар болса бұрынғы атауы туралы мәлімет береді (2-сурет). Атап өтетін жайт, барлық атаулар ішінде тек облыс атаулары ғана кеңістіктік сипатқа ие, яғни карта бетінде интерактивті түрде белгіленеді.

Мысал ретінде, «Сілеті» атауын **Atau.kz** базасынан іздеу нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды. Кестеден көріп тұрғандай, «Сілеті» атауы базада 9 рет кездеседі. Алайда Ақмола облысы Шортанды ауданы Бозайғыр ауылының маңындағы жылғалардан басталып, Солтүстік Қазақстан облысындағы Сілетітеңіз көліне құятын *Сілеті өзені* берілмеген. Базада жоғары маңызға ие географиялық нысандар атауының болмауы бойынша мысалдар өте көп.



2-сурет – Atau.kz ономастикалық сайтының іздеу блогы

«Сілеті» атауын Atau.kz базасынан іздеу нәтижесі

Нысан түрі	Саны
Елді мекен атауы	2
Ауылдық округ атауы	1
Мектептің аты	1
Мәдениет үйінің аты	1
Көше аты	3
Көлдің атауы	1
Ж а л п ы	9

Atau.kz ономастикалық базасы әлі де географиялық атаулармен толықтырылады деген сенімдеміз. Дегенмен де, бұл электрондық база ономастика саласындағы қордаланған мәселелерді шешудің бір тетігі болмақ [9].

Мамандардың болжамына қарағанда, Қазақстандағы жер-су атауларының саны орта есеппен 1 км² жер бір атауға ие деп есептегенде, кемінде 2,5 миллионға жуық көрінеді [10]. Бұл дегеніміз ҚР ГАМК шамамен 150 мыңнан астам атауды ғана қамтыса, қалған топонимдерді анықтау, олардың этимологиясын зерттеу, сонымен қатар оларды базаларға кіргізу үлкен көлемдегі қаражат пен күшті қажет ететіндігі анық.

Дамыған шет елдерде жүздеген мың, кейде тіпті миллиондаған географиялық атаулар бойынша ақпаратты қамтитын автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді құру жұмыстары біртіндеп қалыптасты. Бұл қуатты техникалық және бағдарламалық құралдарды ғана емес, сонымен қатар топонимикалық ақпаратты ЭЕМ-да сақтауды, өндеуді және беруді ұйымдастыру жүйелерін әзірлеуді талап етті. АҚШ ұлттық автоматтандырылған жүйені құруда ең үлкен прогреске қол жеткізген мемлекеттердің бірі.

АҚШ-да географиялық атаулардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету үшін 1890 ж. құрылған федералды орган АҚШ-тың географиялық атаулар Кеңесі жауап береді (U.S. Board on Geographic Names). Кеңес ұлттық географиялық атауларды (GNIS), шет елдік атауларды (Foreign Names), Антарктика атауларын (Antarctic Names) және су асты объектілерінің (Undersea Features) атауларының ресми атауларын, оларды пайдалануды реттеу бойынша қағидаларды, ережелер мен тәртіптерін жариялайды.

Мақалада АҚШ-ң Ұлттық автоматтандырылған географиялық атаулар жүйесі (GNIS) және шетелдік атаулар дерекқоры (Foreign Names) туралы сипаттама берілді.

Ұлттық географиялық атаулар базасын (GNIS) әзірлеу міндеті 1979 ж. АҚШ-тың ұлттық карта жасау бағдарламасына енгізілді. Мәліметтер қорын құрудың бірінші кезеңінде ақпараттарға бірегей код беріліп, 1:24 000 масштабтағы топокарталардан географиялық атаулар және оларға қатысты мәліметтер карточкаларға енгізілді, деректердің дұрыстығы ресми құжаттармен тексеріліп, мәліметтер базасы ғылыми, тарихи, мұрағаттық және басқа дереккөздерді тарта отырып, топокарталарда жазылмаған объектілермен толықтырылды. Екінші кезеңде карточкалардан барлық ақпарат бағдарламалық қамтамасыз етуді құру арқылы машиналық ақпарат тасымалдаушы-тарына енгізілді. Бұл географиялық атаулардың ұлттық деректер қорын қалыптастыруға және онымен жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Ұлттық топонимикалық базаның кейінгі жетілдірілуі және оның кеңеюі Географиялық атаулар бойынша ақпараттық жүйенің (GNIS) құрылуына әкелді.

Қазіргі уақытта GNIS мәліметтер қоры жүйесі, сонымен қатар географиялық атаулар туралы ақпаратты автоматтандырылған жазуды, оны өңдеуді және пайдаланушылардың сұраныстарына жауап беруді және тиісті жалпылама құжаттарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін бағдарламалар мен жұмыстардың кешені болып табылады. Ол АҚШ-ң географиялық нысандары мен аумақтарының атаулары туралы негізгі ақпаратты қамтитын географиялық атаулардың ұлттық ресми репозиторийі болып табылады. GNIS базасында қолданыстағы және жоғалған нысандардың 2,5 миллионнан астам атауы, АҚШ-ң әрбір штаты, аумағы және бөлек орналасқан аймақтары бойынша 60 құжат, сондай-ақ әртүрлі тақырыптық файлдар сақталған.

GNIS жүйесі жалпы және арнайы мақсаттар үшін ақпаратты іздеуді, жүйелеуді, талдауды және өңдеуді жүзеге асыра алады. GNIS – бұл мемлекеттік органдардың және жеке сектордың барлық деңгейлеріндегі әртүрлі пайдаланушылардың кең ауқымды ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған көп мақсатты жүйе, оның ішінде келесі міндеттер орындалады:

- картографиямен қамтамасыз ету;
- стандарттардың анықтамаларын дайындау;
- арнайы файлдар үшін географиялық мәліметтер қорын жүргізу;
- географиялық атауларды ұлттық стандарттау;
- топонимикалық және басқа да зерттеулер;
- географиялық инвентаризациялау және бақылау;
- газетирлер (анықтамалар) құру;
- арнайы басылымдарды дайындау.

Дерекқор жүйесіндегі ақпаратқа әртүрлі пайдаланушылардың қол жеткізуі Интернеттің жалпыға қолжетімді компьютерлік желісінің (<https://edits.nationalmap.gov/apps/gaz-domestic/public/search/names>) көмегімен іске асырылады. Бұл жағдайда іздеу объектінің нақты географиялық атауы, жағдайы және түрі бойынша жүргізілуі мүмкін. Іздеу пакеттік режимде де, сондай-ақ интерактивті режимге сәйкес мәзір арқылы жүзеге асырылады.


3-суретте Мередит (Meredith) көлін GNIS базасында іздеу мысалы берілген. Іздеу нәтижесінде АҚШ аумағында осы атпен аталған 3 көлдің тізімі беріліп, олардың орналасқан жерлері қызыл маркер арқылы көрсетілген. Әрбір көл туралы ақпарат нысанның идентификаторлық нөмірі, ресми атауы, X және Y координаттық нүктелері бойынша ақпаратқа ие.

GNIS мерзімдік жаңарту бағдарламасының бөлігі ретінде АҚШ Геологиялық қызметінің Ұлттық карта жасау бөлімімен жүргізіледі (әдетте 6-12 ай немесе одан да көп). Жүйе үздіксіз жүргізіліп, толықтырылып, жетілдіріліп отырылады.

Базаға тән икемділік ақпаратқа қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. GNIS топонимика және компьютерлік технология саласындағы мамандардың көп жылдық бірлескен жұмысының нәтижесінде құрылды [2, 11].

АҚШ географиялық атаулар бойынша Кеңесі GNIS базасынан бөлек Шетелдік атаулар бойынша комитетінің Географиялық атаулар сервері (Geographic Names Server, GNS) базасын да жасаған.

Географиялық атаулар сервері (GNS) (<https://geonames.nga.mil/geonames/GeographicNamesSearch/>) АҚШ-нан тыс барлық географиялық атауларға арналған стандартты жазылуының ресми репозиторийі болып табылады. GNS құрамындағы әрбір жазба объектінің атауы мен орналасқан жері, әкімшілік бірлік және типі (мысалы, елді мекен, өзен, тау), сондай-ақ атаулардың тарихи және басқаша жазылу нұсқалары, латын тілінен басқа жазылуы туралы ақпаратты қамтиды.




3-сурет – GNIS базасында географиялық атауды іздеу нәтижесі

GNS базасын белгілі бір орындарды, ГАЖ, картографиялық деректерді және GEOINT өнімдерін табу үшін пайдалануға болады. GNS нысанының координаттары шамамен берілген және де тек іздеу жұмыстарын оңтайландыру үшін арналған.


GNS базасы 1994 жылдан бері жұмыс істейді және күн сайын жаңа деректермен толықтырылып отырады. GNS дерекқорында 8 миллионнан астам географиялық нысандар мен оларға байланысты 13 миллионнан астам атаулар біріктірілген. GNS дерекқорында сақталған деректер WGS84 эллипсоиды мен датумына негізделген географиялық координаттар жүйесінде берілген. База National Geospatial-Intelligence Agency қолдауымен жұмыс істейді [12].

GNS базасында Қазақстан Республикасы бойынша 160 665 географиялық атаулар қамтылған (4-сурет).



4-сурет – GNS базасында ҚР бойынша географиялық атаулардың жиынтығы

5-суретте Маңғыстау облысында орналасқан Аша уақытша өзені бойынша іздеу кестесінің нәтижесі берілген. Атрибуттық кесте нысанның атауын ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде, сонымен қатар нысанның типі мен орналасқан әкімшілік облысы, X және Y координаттық нүктелері бойынша, сонымен қатар GNS базасының басқа да ақпараттарын береді.



5-сурет – GNS базасында Аша уақытша өзенін іздеу нәтижесі

Жоғарыда сипатталған АҚШ-ң географиялық атаулары бойынша базалары әлем бойынша озық тәжірибелер болып табылады. GNIS базасы Қазақстандағы топонимикалық базаны қалыптастыру бойынша мысал ретінде алынса, GNS базасы оның деректерін жүктеп, оларды әзірленетін ұлттық топонимикалық базаны толықтыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Келесі, шетелдік тәжірибе ретінде көршілес Ресей Федерациясында географиялық атаулардың электронды ресурсы (Реестры ГКГН) мемлекеттік каталог географиялық атаулар реестрі алынды. «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер инфрақұрылымының Федералды ғылыми-техникалық орталығы» федералды мемлекеттік бюджеттік мекемесі (ФМБМ) (Федеральный научно-технический центр геодезии, картографии и инфраструктуры пространственных данных) Ресей Федерациясы Үкіметінің 2013 жылғы 19 ақпандағы №220-р өкіміне сәйкес құрылып, Федералдық мемлекеттік тіркеу, кадастр және картография қызметінің (Росреестр) 19.04.2013 N П/155 бұйрығымен «геодезия, картография және ИКБ орталығы» «ФМБМ» жарғысы бекітілген.

Орталық реестрдің негізгі стратегиялық мақсаттары саланы жаңғырту, әлемдік деңгейде ғылыми-техникалық мүмкіндіктер жасау, мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуді қамтамасыз ету және федералды маңызы бар жұмыстарды орындау болып табылады. Мекеме ұжымы бірегей ғылыми базаға ие бола отырып, мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалар тарапынан картографиялық және геодезиялық өнімге деген сұранысты қанағаттандыруға арналған. Геоақпараттық жүйелерді әзірлеу де жұмыстың басым бағыттарының бірі болып табылады.

ФМБМ құрамына төменде сипатталған саланың жетекші мекемелері кіреді:

1. Ф. Н. Красовский атындағы Геодезия, аэрофототүсірілім және картография ғылыми-зерттеу институты. 1919 ж. Бірыңғай геодезиялық қызметтің құрылуымен елде жаппай геодезиялық және топографиялық жұмыстар басталды, оларды жүргізу үздіксіз ұйымдастырылған және ғылыми қолдауды қажет етті. Бұл Мәскеуде Мемлекеттік геодезия және картография институтын құрудың негізгі себебі болды (Еңбек және қорғаныс Кеңесінің 1928 жылғы 24 қазандағы қаулысы). 1933 жылы институт «Орталық геодезия, аэротүсірілім және картография ғылыми-зерттеу институты» деп аталды.

2. «Орталық картографиялық-геодезиялық қор» Федералды мемлекеттік унитарлық кәсіпорны. «Орталық картографиялық-геодезиялық қор» федералды мемлекеттік унитарлық кәсіпорны федералды картографиялық-геодезиялық қордың құрамына кіретін және РФ аумағында құрылған топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың материалдары мен деректерінің орталықтандырылған бөлімі саналады.

3. МЕМГАЖОРТАЛЫҚ – «Геоақпараттық жүйелер мен технологиялардың Мемлекеттік ғылыми-енгізу орталығы» Федералды мемлекеттік унитарлық кәсіпорны – «МЕМГАЖОРТАЛЫҚ» ФМУК геоақпараттық жүйелер мен технологиялардың мемлекеттік ғылыми-енгізу орталығы – 1993 ж. құрылды, федералдық мақсаттағы геоақпараттық жүйелерді құру бойынша жұмыстарды орындады, сондай-ақ РФ аумағында құрылған цифрлық картографиялық ақпаратты сақтауды жүзеге асырады.

4. КАРТГЕООРТАЛЫҚ – «Мемлекеттік картографиялық және геодезиялық орталық» Федералды мемлекеттік унитарлық кәсіпорны. МКГО 1992 ж. 6 сәуірде Ресей Федерациясының экология және табиғи ресурстар министрлігі геодезия және картография комитетінің №33п бұйрығымен құрылды, ғылыми-техникалық оқулықтарды, оның ішінде мерзімді басылымдарды – «Геодезия және картография» салалық журналын, «Хабаршы» газетін шығарды, сондай-ақ нормативтік-техникалық, оқу-әдістемелік және ғылыми-техникалық әдебиеттер.

Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген тәртіппен «геодезия, картография және ИКБ орталығы» ФМБМ геодезия және картография саласындағы мекеме қызметінің негізгі түрлерін, географиялық объектілердің атауларын және Ресей Федерациясының кеңістіктік деректерін, оның ішінде негізгі ғылыми бағыттарға сәйкес дамытуға бағытталған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асырады.

Росреестрдің «Геодезия, картография және ИКБ орталығы» ФМБМ-нің негізгі жұмыстарының бірі – географиялық нысандардың атауларын қалыпқа келтіру, пайдалану, тіркеу, есепке алу, каталогтау және сақтау саласында зерттеулер жүргізу.


Аталған мекеменің федералдық кеңістіктік деректер қорында РФ аумағында геодезиялық, картографиялық, топографиялық, гидрографиялық, аэроғарыштық, гравиметриялық материалдарды қоса алғанда – барлығы 86,7 млн-нан астам материалдар мен деректер бар. 2017 ж. 1 қаңтарда «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы және РФ кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» № 431-ФЗ Федералдық заңы күшіне енді. ФКҚМ жүргізу РФ бүкіл аумағында оны жүргізу технологиясының біртұтастығы, ондағы ақпараттың жаңару кезеңділігін және олардың дұрыстығын, кеңістіктік деректердің басқа мемлекеттік ақпараттық ресурстардағы мәліметтермен үйлесімділігін қамтамасыз ету принциптері негізінде жүзеге асырылады [13].

Географиялық атаулар мемлекеттік каталог реестрі РФ географиялық нысандарының, континенттік қайраңы мен айрықша экономикалық аймағының және Ресей зерттеушілері ашқан немесе бөліп көрсеткен географиялық объектілердің атауларын тіркеуді және есепке алуды қамтамасыз ететін географиялық атаулардың мемлекеттік каталогын (ГАМК) құру және жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындайды.

ГАМК реестрінде әрбір субъекті бойынша географиялық объектілер атауларының тізімдері «201» нысаны бойынша барлық географиялық объектілер атауларының алфавиттік реттілігінде, pdf форматында, РФ әрбір субъектісі бойынша елді мекендер атауларының тізілімдері РФ субъектілерінің әкімшілік аудандары бойынша "202нп" нысаны бойынша, сондай-ақ мкГн 2-бөлімінде тіркелген атаулардың тізілімі орналастырылған РФ континенттік қайраңы мен ерекше экономикалық аймағының географиялық объектілері, ашық теңізде және Антарктикада ресейлік зерттеушілер ашқан немесе бөлген, pdf форматында берілген (6, 7-суреттер).

Тізілімдерде тіркеу нөмірі, географиялық объектінің атауы, объект түрі, әкімшілік-аумақтық байланыстыру, географиялық координаттар, басқа географиялық объектілерге байланыстыру және объект орналасқан 1:100 000 масштабты карта номенклатурасы туралы ақпарат бар. Мемлекеттік каталогтан ақпарат мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдар мен азаматтардың сұранысы бойынша ұсынылады. ГАМК келесі түрдегі географиялық объектілердің 800 000-ға жуық атауын қамтиды: елді мекендер, теңіздер, аралдар, көлдер, өзендер, бұлақтар, батпақтар, таулар, асулар, теміржол және су көлігі объектілері, сондай-ақ антропогендік және табиғи нысандардың 450 түріне арналған басқа атаулар жер бедері объектілерін қамтыған.

РФ арктикалық белдеуіндегі географиялық атаулардың жалпы саны – 111 000. *.ACCDB мәтіндік пішіміндегі географиялық атаулар кестесі жасалды (7-сурет), ол келесі ақпаратты қамтиды:



8-сурет – Бірыңғай электрондық картографиялық негізі

Аталған ГАМК мен оның электрондық базасынан бөлек, РФ аумағының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерінің электрондық топонимикалық базалары да дамып жатыр. Атап айтқанда, Санкт-Петербург қаласына арналған топонимикалық порталды [15], Карелияның топонимика бойынша геоақпараттық ресурсы [16], Башқұртстан Республикасының топонимикалық базасы [17] және т.б. Бұл РФ-да ономастика, оның ішінде топонимика саласының қарқынды дамып жатқандығының белгісі болып табылады.

Мақалада сонымен қатар белгілі бір мемлекеттерде жасалған географиялық атаулардың электрондық базаларынан басқа дүние жүзінің жалпы географиялық атауларына арналған, ашық кодты база – GeoNames қарастырылды.

GeoNames – Creative Commons лицензиясының шарттары бойынша әртүрлі веб-қызметтер арқылы қолжетімді географиялық дерекқор. Әртүрлі жерлердің атаулары мен координаталары үшін ең үлкен және кеңінен қолданылатын геомәліметтер базаларының бірі. Жоба 2005 жылдың соңында Unxos GmbH швейцариялық компаниясымен құрылды (<https://www.geonames.org/>).


GeoNames дерекқоры 25 млн-нан астам географиялық атаулардан және 11 млн-нан көп бірегей нысандардың атауларынан (оның ішінде, 4,8 млн елді мекендер атаулары) және де 13 млн балама атауларынан тұрады. Деректер әртүрлі веб-сервистер мен күнделікті деректер базасы арқылы тегін қолжетімді. GeoNames қазірдің өзінде күніне 150 млн-нан астам веб-қызмет сұрауларын қанағаттандырады. GeoNames әртүрлі тілдерде берілген географиялық атауларды, олардың теңіз деңгейінен биіктігі, елді мекендердегі халық саны және де әртүрлі көздерден алынған басқа да деректерді біріктіреді. Нысанның X пен Y координаталары WGS-84 жүйесінде берілген.

Пайдаланушыларға ыңғайлы wiki-интерфейсінің көмегімен жаңа атауларды базаға қосу, бар атауларды өңдеп, түзетуге мүмкіндік берілген.

Онлайн қолданушылар үшін төмендегі мүмкіндіктер бар:


- толық мәтінді іздеу арқылы атауларды іздеу (кесте негізінде немесе картада);
- картадан астаналарды, ең биік тауларды және ең үлкен қалаларды қарау;
- картадағы атауларды қарау және объект класы мен кодтарын көрсету/жасыру;
- карталарды электрондық пошта арқылы жіберу;
- атауларды CSV файлы немесе PNG кескіні ретінде экспорттау;
- атауларды өңдеу;
- дерекқорға жаңа атаулар қосу (тіркелген пайдаланушылар үшін);
- атауларды геотегтеу (тіркелген пайдаланушылар үшін) [18].

GeoNames базасында Қазақстан бойынша 68 700 географиялық нысан немесе басқа да атаулар сақталған. Нысандарды 9 санат арқылы іздеуге болады. Негізгі бетте нысанның реттік нөмері мен атауын, орналасқан мемлекет туралы, кеңістіктік нысан түрін, координаталарын көруге болады. Мысалы, әлемде Taraz (Тараз) атауымен 34 нысан табылды, олардың тек 4-і ғана Қазақстанда орналасқан (9-сурет).



9-сурет – GeoNames базасында Taraz (Тараз) атауын іздеу нәтижесі

Жамбыл облысының орталығы Тараз қаласы бойынша мәліметтер орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік атауы, теңіз деңгейінен биіктігі, халық саны, географиялық координаталары, әлем тілдерінде жазылу нұсқалары, сондай-ақ GeoNames базасының тіркелген пайдаланушылары енгізген деректерді біріктіреді (10-сурет). Нысанды .kml форматында жүктеуге болады.



10-сурет – Тараз қаласы бойынша GeoNames базасының деректері

GeoNames базасы АҚШ-ң GNS базасы тәрізді дүние жүзінің географиялық атаулары бойынша қолжетімді озық тәжірибелердің бірі. 2013-2014 жж. GeoNames базасына тарихи атаулардың қосымша 35 мың жазбасы қосылды [19]. Осылайша ресурс метонимдік тізбектерді анықтау үшін өте ыңғайлы болып табылады.

Бұл базаның әртүрлі ғылыми зерттеулердегі тиімділігін шетелдік ғалымдар да атап көрсетті [20, 21].

Қорытынды. Топонимика саласында соңғы жылдары геокеңістіктік деректерді жинау мен өңдеудің жаңа тәсілдері пайда болып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қатысты техникалық прогресс ерекше қарқынды дамуда. Қазірдің өзінде мақалада мысал ретінде

карастырылған РФ ГАМК Реестрі, АҚШ-ң GNIS және GNS базалары, сондай-ақ GeoNames әлемдік базасы әрі қарай даму үстінде. Аталған базаларды Қазақстандағы электрондық автоматтандырылған топонимикалық базаны жасауға үлгі ретінде алуға болады, сонымен қатар олар қолданыстағы ономастикалық базаны (Atau.kz) толықтыруға мүмкіндік береді. Бұл топонимикалық зерттеулерді пайдалану жылдамдығын арттырып, оларды жүргізуге жұмсалатын шығынды азайтады, библиографиялық базаны кеңейтіп, мазмұнын тереңдетеді. Заманауи технологияларды қолдану нәтижесінде барлық қателіктерді ескере отырып, деректерді салыстыру түрінде бақылауды қажет деп санаймыз (мысалы, географиялық атаулардың этимологиясы бойынша). Жалпы, мақалада сипатталған базалар топонимикалық материалды анықтау, сипаттау, зерттеу, жан-жақты талдау және жүйелеу үшін өте пайдалы. Біз электрондық базалардың топонимикалық зерттеулерде қалай қолдануға болатынын көрсетуге тырыстық. Жалпы топонимикалық зерттеулерге технологияларды тартудың орындылығы туралы айтуға болады.

Қоғамның географиялық атауларға деген қызығушылығы ономастикалық базалардың, оның ішінде топонимикалық базалардың өзектілігі мен маңыздылығын анықтайды. Берілген параметрлер бойынша (оның ішінде оны картада көрсету арқылы) ақпаратты сақтауға, жүйелеуге, іздеуді жүзеге асыруға, материалдарды қажетті форматта (баспа, электрондық) сақтауға және интеграциялауға мүмкіндік беретін ашық ресурсты, геоақпараттық жүйелерге негізделген топонимикалық базаларды әзірлеу қазіргі уақытта перспективалы болып табылады. Елімізде іске асырылып жатқан жоба – Atau.kz ономастиканың дамуына; номинацияның әртүрлі деңгейлерінің арақатынасы, бейімделу тетіктері және өзге тілден енген атаулардың мәселелерін шешуде; еліміздегі атауларды БҰҰ стандартына сәйкестендіру үшін елеулі үлес қоспақ. Жүйеге енгізілген мәліметтер болашақта пәнаралық жобаларға, бірқатар сөздіктер, каталогтар, топонимикалық дәстүрлер жинақтарын дайындауға негіз бола алады.

Еліміздегі топонимикалық базаның құрылымы жасалып, топонимдерді жинақтау, нысандарды жүйелеу және олардың кеңістіктегі орнын анықтау, мәліметтер қорын толтыру жұмыстары толыққанды жүргізілуі тиіс. Әзірленген топонимикалық мәліметтер базасы және оны әрі қарай ұлттық кеңістіктік мәліметтердің инфрақұрылымымен байланыстыру, мәліметтер қорын ГАЖ-ға енгізу тіл мамандары мен қалың оқырман үшін де сөзсіз қызығушылық тудыратыны анық. Сонымен қатар, әсіресе туризм үшін үлкен практикалық маңызы болады. Табиғи, мәдени, тарихи, лингвоэтикалық және инфрақұрылымдық ерекшеліктерін көрсете отырып, картада ұсынылған Қазақстандағы географиялық нысандарының туристік тартымдылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Әбдірахманов С.Ә., Шарапханова Ж.М. Топонимикалық атауларды қалыптастыру және стандарттау мәселелері // Вопросы географии и геоэкологии. – 2016. – № 4. – С. 58-64.

[2] Агапов В.С. Разработка методик формирования и использования представительного справочно-информационного фонда географических названий: Дис. ... канд. техн. наук. – Москва, 2003. – 177 с.

[3] Мартыненко И.А. Электронные ресурсы как инструменты для топонимических исследований // Вестник ТГПУ. – 2020. – № 5(211). – С. 114-126.

[4] Усаев А.А. Потенциальные возможности электронных ресурсов в топонимических исследованиях // Материалы итоговой научно-практической конференции профессорско-преподавательского состава (Грозный, 25 февраля 2022 г.). – Грозный, 2022. – С. 19-28.

[5] Серикова С., Байшукурова Г. Цифровые технологии в изучении топонимики // Умная цифровая экономика. – 2023. – Т.3, № 1. – С. 16-24

[6] Қазақстандық IT жобалар. Интернет-ресурс: URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-kaztalovka/press/news/details/159364?lang=kk>

